Төтенше жағдайдың алдын алу жөніндегі
Х А Т Т А М А

Бөдене ауылы **27 тамыз 2022 жыл**

Қатысқандар: окріг әкімі Ж.Ғизатов Аудандық Төтенше жағдай бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы П.Сақыпкереев, Индер аудандық тұрғын үй-коммуналды шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің инспектор Н.Қияқбаев және жүргізуші Б.Далабаев

Күн тәртібінде:

1. Бөдене ауылы бойынша ауыз су желісінің Жайық жағасының жары құлауы салдарынан ауыз су желісі ашылып төтенше жағдай келтіру қаупі төніп тұрғандығы жөнінде.

«Бөдене ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің теңгерімдегі, ауыз су тазарту қондырғыларын ғимаратымен сенімгерлік басқаруға алған, «АгроСтройИндер» ЖШС-ның директоры Б.С.Саламатованың 22.08.2022 жылғы №26-22 санымен жазған хатында, Бөдене ауылы бойынша ауыз су желісінің Жайық жағасындағы жарының құлауы салдарынан су желісі ашылып қалды. Алдағы уақытта қыс мезгілінде жүріп жатырған су желісі қатып қалу қаупі төніп тұрғандығы жөнінде, төтенше жағдайдын алдын алу мақсатында, Округ әкімі Ж.Ғизатов, Аудандық Төтенше жағдай бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы П.Сақыпкереев, Индер аудандық тұрғын үй-коммуналды шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің инспектор Н.Қияқбаев және жүргізуші Б.Далабаев болып комиссия құрамымен келіп қаралды.

Қарау кезінде, Жайық жағасының жары құлауына байланысты ауыз су желісінің 250 метр жері ашылып көрініп тұрғандығын анықтады.

Алдағы уақытта, тез арада қалпына келтірілмесе, қыс мезгілінде ауыз су желісі қатып тұрғындар ауыз сусыз қалу қаупі төніп тұр.

Шешім қабылданды

1. Жайық жағасының жары құлауына байланысты ауыз су желісінің 250 метр жерін ауыстыру жөнінде шығындармен есептеп құжат жасақтау.

2. Округ әкімі жасақталған құжаттар бойынша, Индер аудандық экономика және қаржы бөліміне қаржылық сұраныс беруге.

Ж.Ғизатов_____Округ әкімі

П.Сақыпкереев_____Аудандық Төтенше жағдай бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы

Н.Қияқбаев_____Индер аудандық тұрғын үй-коммуналды шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің инспекторы

Б.Далабаев_____Жүргізуші